

# Суреттегі бейнелерге қарап, қандай ой түйіндейсіздер?




Сабақтың тақырыбы:

Адамзаттың ғаламдық мәселелері туралы  
жалпы түсінік, негізгі ғаламдық  
мәселелерге шолу

Сабақтың мақсаты:

Жаһандану ұғымы және оның мәселелерін  
(ғаламдық проблемалар, тұрақты даму,  
экологиялық дағдарыс) және шешілуін білу

**Жаһандану**, немесе **Глобализация** (ағылш. *Global* – «әлемдік», «дүниежүзілік», «жалпы») — жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі. Терминді ғылыми айналымға алғаш рет 1983 жылы енгізген америкалық экономист Теодор Левитт.



Бейнебаян: Жаһандану деген не?

<https://twig-bilim.kz/kz/film/what-is-globalisation>

Сұрақтар:

Жаһандану әлемді қалай өзгертуде?

Жаһанданудың бізге әсері қандай?

**Тапсырма №1.**

**Жүппен жұмыс:**

**1. Жағдаяттық тапсырма:**

Сіздер бір күнді антижаһандық үлгіде өткізулеріңіз керек.

## Тапсырма №1 Жүппен жұмыс:

### Сұрақ:

-қандай қиындықтар болды?

-жаһанданудан өміріңнің қай бөлігі көбірек өзгеріске ұшырады? *(Коммуникация және көлік жүйелері, ұялы телефон, интернет, виртуалды өмір, саяхат, трансұлттық компаниялар)*

Жаһанданудың біз ішетін асқа қандай әсері бар?

Жаһандық сауда адамдардың өмірін жақсарта ма?

Жаһандану мен климат өзгерісі арасында қандай байланыс бар?



**2.Екі топ болып өз көзқарастарыңды білдіріңдер.**

*1.Глобалистер*

*2.Антиглобалистер*

Қазіргі кезде сіз үшін қай көзқарас шынайы және неге? Туындаған мәселелерді бірден шешуге бола ма?

- Өз өмірлеріңізге жаһандану әсер ету жолдары тізімін жасаңыздар



## Ғаламдық мәселелер:

- 1) Бай және кедей елдер
- 2) Ядролық соғыстың алдын алу,
- 3) Апаттық ластау мен биоалуантүрлілік азаюының алдын алу,
- 4) Ресурстармен қамтамасыз ету,
- 5) Әлемдік жылыну,
- 6) Озон қуысы,
- 7) Демографиялық даму (дамушы елдердегі демографиялық жарылыс, дамыған елдердегі демографиялық дағдарыс)

## Тапсырма 2.

[https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9E%D1%80%D0%BD%D1%8B%D2%9B%D1%82%D1%8B\\_%D0%B4%D0%B0%D0%BC%D1%83](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9E%D1%80%D0%BD%D1%8B%D2%9B%D1%82%D1%8B_%D0%B4%D0%B0%D0%BC%D1%83) -

## **Тұрақты даму.**

[https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%AD%D0%BA%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F%D0%BB%D1%8B%D2%9B\\_%D0%B4%D0%B0%D2%93%D0%B4%D0%B0%D1%80%D1%8B%D1%81](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%AD%D0%BA%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F%D0%BB%D1%8B%D2%9B_%D0%B4%D0%B0%D2%93%D0%B4%D0%B0%D1%80%D1%8B%D1%81) –

## **Экологиялық дағдарыс.**

1. Берліген ресурстарды қолданып «Тұрақты даму», «Экологиялық дағдарыс» ұғымына түсініктеме бер.

2. ТД –дың 25 – қағидасындағы «Әлем, даму және қоршаған ортаны қорғау бір-біріне байланысты және бөлінбейді» ([3]) деген тұжырымдаманы ғаламдық мәселелермен байланыстырып, өз пікіріңді жаз.

# Жаһандандудың салдары

ОҢ	ТЕРІС

# Бейнематериал қарайық

- <https://www.twig-bilim.kz/film/what-is-globalisation-5913/>
- <https://www.youtube.com/watch?v=xPD477FuqtY>

- Ғаламдану қандай да болсын үдерістің, іс-әрекет барысының немесе мәдени-әлеуметтік феноменнің, құбылыстың бір ғана ұлт, халық, мәдениет, өркениет немесе құрылық шеңберімен шектелмей, бүкіл планеталық, жұмыр жерлік, бүкіл әлемдік деңгейде көрініс тауып, маңызға ие болуын танытатын ұғым. Жаһандану – үдеріс, орын алып отырған, әлі өз мәресіне жетпеген, аяқталмаған іс. "Жаһандану" бүкіл жер жүзінде жайылу, таралу деген мағынаны да, әлемдік елдердің біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру екпініне ілесу дегенді де білдіреді.



Жаһанданудың төмендегідей негізгі құрамдас бөліктері бар:

1. “менталдық” немесе *мәдени Жаһандану* — дәстүрлердің, діндердің, мәдениеттер мен идеологиялардың “ұқсастануының” кешендік үрдісі. Қазіргі таңда бүкіл әлем, негізінен, 6 жаһандық діни жүйеге (христиандық, ислам, иудаизм, индуизм, буддизм, конфуцийшілдік) бөлінеді. Адамзаттық мәдени құндылықтар ортақтығының күшею үрдісі “менталдық” Жаһанданудың бір көрінісі болып табылады. Соның ішінде америкалық мәдени дәстүр “планетарлық” деп аталынып жүр.





*экономикалық жаһандану екі үрдістің жиынтығын — нарықтардың жаһандануын (капиталдық, еңбек ресурстарының, тауарлардың және қызмет көрсетулердің) және экономикалық нысандардың жаһандануын білдіреді және экономиканың ұйымдық құрылымдарының — компаниялардың, фирмалардың, корпорациялардың іріленуімен түсіндіріледі.*



*ақпараттық-коммуникациялық Жаһандану* — қазіргі заманғы интеграциялық үрдістердің ішінде аса ықпалдысы. Оған: коммуникациялық мүмкіндіктерді дамыту және ғарыштық кеңістікті ақпарат беру үшін пайдалану; жаһандық ақпарат желілерінің пайда болуы және тез дамуы; адамзат тұрмысындағы көптеген үрдістердің компьютерлендірілуі жатады.



Этникалық Жаһандану негізгі екі үрдістен тұрады — планета халқының санының өсуі және әр түрлі этникалық топтардың өзара ассимиляциясы.

